

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 138 "2023 жылға арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормаларын, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 551 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 желтоқсанда № 10116-10 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "2023 жылға арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормаларын, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы" 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 138 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9947 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 22 қарашадан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов

Қостанай облысы әкімдігінің
2023 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 551 қаулысына

қосымша

Қостанай облысы әкімдігінің

2023 жылғы 3 сәуірдегі

№ 138 қаулысына

2023 жылға арналған пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемдері

№	Субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемі, мың теңге	
1	Жергілікті бюджет	4 625 796,0
2	Республикалық бюджет	3 000 000,0
Барлығы		7 625 796,0